ХҒТАР 10.77.35

**А.Р. Бижанова, Э.П. Кенжибекова, Г.Ж. Османова**
*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан*
*(E-mail: Aike_74@mail.ru, danaestai@mail.ru, gulaina.78@mail.ru)*

# Шартты түрде соттаудың ұғымы мен құқықтық табиғаты жөнінде

**Андатпа.** *Қылмыстық саясатты трансформациялау жағдайында бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандарды ұстауды ізгілендіру, қылмыстық, қылмыстық атқару заңнамалары салаларындағы халықаралық құқықтық актілерді имплентациялау, баламалы пенитенциярлық емес санкциялардың қолдану аясын кеңейту кеңінен өріс алуда. Сол жаңа қылмыстық заңнаманың іске асырылуымен «түрме тұрғындарының» саны азайды, ал оның негізгі үлесі шартты түрде соттауды қолдануға тиесілі. Шартты түрде соттаудың маңыздылығы сол, қылмыстылықтың азаюымен сенім мен ұйымдардың ықпалының рөлі күшейе отырып, жазалау сипаты өзгереді. Бұл өзгерістер қылмыстық қуғын-сүргінді үнемдеп қолданатын, жазаның мәжбүрлеуші ықпалын жеңілдететін құқықтық институттардың көмегімен жүзеге асатын болады.*
*Шартты түрде соттаудың құқықтық табиғаты мәселесі заң ғылымы теориясы аясында даулы көзқарастар тудырды. Сол біріңғай көзқарастардың болмауы салдарынан практикада шартты түрде соттау институтын қолдану негіздерін, пробациялық бақылауда сотталғандар орындайтын шарттарды тағайындау, соттылықты жою, алып тастауды анықтауға қатысты сұрақтарды шешу кезінде қиындықтар туындауда. Оның үстіне соңғы жылдары қайталап қылмыс жасағандардың басым бөлігін шартты түрде сотталғандар құрап отыр. Ал мұның бәрі шартты түрде соттау институтын жетілдіру мәселесін өзекті етпек.*
*Авторлар мақалада шартты түрде соттаудың құқықтық табиғатын дұрыс анықтаудың теориялық және практикалық маңыздылығын ескеріп, шартты түрде соттау ұғымы мен оның құқықтық табиғатын қарастырады және түрлі көзқарастарды талдайды, сондай-ақ шартты соттауды тағайындау және оның күшін жою негіздерін түсіндіреді.*
**Түйін сөздер:** *шартты түрде соттау, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы, балама жаза, пробациялық бақылау, сынақ мерзімі, шартты түрде соттаудың күшін жою.*

**DOI: https://doi.org/10.32523/2616-6844-2023-144-3-80-93**

## Кіріспе

Соңғы жылдары қылмыстық саясат пен қылмыстық заңнамада жаза жүйесі ізгілендіру бағытында дамып келеді. Бұл саясат жазаның әлеуметтік олқылықтарын азайтумен және сотталғандардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты. Ал адам құқықтары мен бостандықтарының басымдығы қағидатын іске асыру елде жүргізіліп жатқан реформаның басты бағыты болып табылады. Оның үстіне, қылмыстық жазаны ізгілендіру заманауи қылмыстық атқару жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі саналады, себебі бас бостандығынан айыру орны қылмыстылықпен күресудің оңтайлы әдісі болмай тұр, сондай-ақ оның тек жеке тұлғаға ғана емес, тұтастай қоғам үшін де әлеуметтік жағымсыз зардаптары бар.

Ауыр қылмыс жасамаған қылмыскерді бас бостандығынан айыру мемлекет үшін лайықты таңдау емес. Оның нәтижесінде әлеуметтік байланыстар үзіліп, халықтың денсаулығы, қоғамда моральдық климат нашарлайды. Экономикалық тұрғыдан алғанда да «бас бостандығынан айыру орны қылмыскерді одан әрі қауіпті жолға салатын қымбат рахат» [1, 187 б.].

Қылмыстық кодекспен қарастырылған қылмыстық жазалар жүйесінде бас бостандығынан айырудың балама түрлері баршылық, бірақ та олардың барлығы бірдей практикада қолданысқа ие емес. Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалар сотталған адамды өзіне таныс ортадан айырмайды, әлеуметтік пайдалы байланыстарын сақтайды. Мұндай жазалардың материалдық шығындары да аз. Десе де сот тәжірибесінде шартты түрде соттау түріндегі қылмыстық-құқықтық сипаттағы шара жиі қолданылады. Бұған келесі статистикалық деректер дәлел: 2018 ж. қылмыстық құқық бұзушылық жасағандардың 108290-нің 1196-і шартты түрде сотталғандар (пробациялық бақылауда); 2019 ж. 99508-ң - 1880-і; 2020 ж. 76519-ің, 2021 ж. пробациялық бақылауда болған [2]. Қазіргі уақытта келтірілген бұл деректер шартты түрде соттаудың қылмыстық-құқықтық сипаттағы маңызды шара екендігін көрсетеді.

Шартты түрде соттау институты көптеген елдердің қылмыстық кодекстерінде қарастырылады және олардың құқықтық табиғаты әртүрлі. Мысалы, АҚШ-ң қылмыстық заңнамасында (66.00-бап) - пробация, Швеция ҚК-де - шартты үкім, пробация, ГФР ҚК (§56) - жазаны шартты түрде кейінге қалдыру, ал Польша ҚК-де (66-бап) - қылмыстық тергеуді шартты түрде тоқтату, Тәжікстан ҚК-де (69-бап) – жазаны шартты түрде қолданбау және т.б. қалыптарда. қолданылады. Бұл сұрақ шетел мемлекеттерінің қылмыстық заңнамасында белгілі мөлшерде нақты қылмыстық-құқықтық сипат алған, ал ТМД елдерінде, сол сияқты отандық қылмыстық заңнамада шартты соттаудың әлеуметтік мәніне, құқықтық табиғатына қатысты нақты жауап жоқ. Сәйкесінше, шартты түрде соттау кезінде жазаның мақсаттарын жүзеге асырудың жолдары мен ерекшеліктері және т.б. түсініксіз. Іс-тәжірибеде мұндай жағдайда шартты түрде соттауды қолдану жай формальды сипат алып, сотталушы жазасын нақты өтеуден босатылады.

Шын мәнісінде аталған институт ұдайы жетілдіріліп отырғанымен әркез жаңа проблемалар туындап отырады. Қоғамдық қатынастардың дамуымен шартты түрде соттауға жол берудің негіздері мен шектерін, шартты түрде соттау кезінде қосымша жазаларды қолдану мүмкіндігін, оның күшін жою негіздерін және осы институттың сот практикасындағы тиімділігін қамтамасыз етудің кейбір мәселелерін жаңғырту қажет-ақ. Олардың көпшілігі әлі толық шешілген жоқ. Сондықтан шартты соттауға қатысты ішкі және сыртқы келісілген нормалар жүйесі жетілдіріліп, заңнамалық деңгейде шешімін табуы тиіс. Осы аталған жағдайлар зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындай алады.

**Әдістер мен материалдар**

Зерттеу барысында келесі кешенді әдістер қолданылатын болады: формальды-логикалық және диалектикалық, логикалық бағалау, статистикалық, салыстырмалы-құқықтық, бағалау, құқықтық нормаларды талқылау.

**Талқылау**

Еліміздің жалпы қылмыс саласындағы заңнамасының қалыптасу кезеңі Кеңестік заңнамалармен етене байланысты болуы себепті шартты соттау институтының даму тарихын даралау қиындау.

Шартты соттауды іс-тәжірибеде алғаш рет Октябрь революциясынан соң Украина Халық Секретариатының қаулысымен қолданыла бастаған. Онда сот кінәліні шартты соттауға құқылы болды. Кейін келе ол 1918 ж. 7 наурызындағы №2 Декретпен регламенттелді, бірақ сынақ мерзімі нақтыланбағандықтан әділет органдарының өздері белгілейтін. Бұл институтты дамыту барысында шартты соттаудың шарттары анықталды [3, 60 б.].

1922 жылғы РКФСР ҚК-інің қабылдануымен шартты соттау институты ҚК-тің «Жаза мен өзге де қорғау

шараларының түрлері» атты IV бөлімінде орнығып, заң шығарушымен шартты соттау жаза түрі ретінде танылды. Сонымен қатар, заңда алғаш рет 3-тен 10 жылға дейін сынақ мерзімі белгіленді. Осы мерзім ішінде тұлға алдыңғыға ұқсас, не біртектес қылмыс жасаған болса, онда шартты соттау күшін жоятын.

Кеңес Одағының ғалымы М. Гельфер, шартты түрде сотталған адам пробациялық бақылау талаптарын сақтамаса, оның күші жойылып, шартты түрде соттаудың «қалған» бөлігінде жаза орындалуға тиіс болғандықтан шартты түрде соттауды жаза ретінде қарастыру керек, деп түсіндіреді [4, 42 б.].

Әрі қарай 1924 жылдың 31 қазанындағы «Одақтың және Одақтас республикалардың негізгі бастауларымен» *шартты соттау жаза тізімінен алынып тасталып*, ҚК-тің «Әлеуметтік қорғау шаралары және оларды қолдану» тарауында шартты түрде мерзімінен бұрын босатумен бірге қаралды (36,37-бб.). Мұнда, заң шығарушы шартты соттаудың құқықтық табиғатын үкімді орындаудың ерекше тәртібі ретінде таныды. Себебі, шартты сотталған адам сынақ мерзімінде жаңа қылмыстық іс-әрекетке бармаса, оны жазадан шартты түрде босатылатын еді.

1926 ж. РКФСР ҚК-де шартты соттауға қатысты өзгерістер келесідей бағытта өрбіді. Қылмыстық заңнамаға сай, 1 жылдан 10 жылға дейінгі сынақ мерзімінде сотталған адам онша ауыр емес жаңа қылмыс жасағаны үшін шартты соттаудың күші жойылатын болды. Сот мұндай шешімге келгенде негіздеп беруі тиіс [5]. Мемлекеттің жазалау саясатында репрессияның күшеюімен шартты соттауды ауыр қылмыс жасағандарға қолдануға тиым салынды [6].

Кезекті 1959 ж. ҚазСРО ҚК-де бас бостандығынан айыру не түзеу жұмыстары үшін де шартты түрде соттау мүмкін болды [7]. Шартты соттау іс-тәжірибеде жаза мақсаттарына қолжеткізуге ықпал ете бастады.

1982 жылдың 26 шілдесіндегі «Қылмыстық және еңбекпен түзеу заңнамаларын жетілдіру туралы» ССРО Жоғары Кеңес Президиумының Жарлығымен шартты соттауды қадағалау күшейтіліп, шартты соттау уақытында қолданылатын қосымша жазалар саны көбейді.

Шартты түрде соттау мәселесіне 1997 жылғы ҚР ҚК-нің 63-бабы арналды. Заңнамаға сай, әскери қызмет бойынша шектеу, бас бостандығынан айыру жазаларына сотталған адам жазасын өтемей-ақ түзелуі мүмкін деген тұжырымға келе алса, онда сот шартты соттау туралы қаулы шығара алатын болды [8].

Ал енді 2014 жылғы ҚК-ке пробация институты қосылып, шартты түрде сотталғандар пробациялық бақылауға алынатын болды. Бірақ та ҚР ҚК-нің 63-бабында шартты түрде соттаудың мәні айқындалмай қалды [9].

Қылмыстық заңнамалардағы шартты соттау туралы нормаларға жасалған қысқаша шолудан соң, аталған институттың ұзақ тарихи даму процесінен жаңғыртылып, жетілдіріле отырып өткеніне көз жеткіземіз. Алайда, шартты соттаудың құқықтық табиғаты, мәні мәселесі әлі де зерделеуді қажет етеді. Сондықтан ғылыми еңбектердегі ғалымдардың пікірлеріне кезек берсек.

Бүгінде ғалымдардың бір тобы *шартты соттауды қылмыстық жаза ретінде* қарауды қолдайды. Мысалы Т.И. Эрхитуеваның пайымдауынша, құқықтық табиғаты жағынан шартты соттау жазаға жатады және оның барлық белгілерін иемденеді, жаза мақсатын жүзеге асырады және оның мәніні құрайды, сол себепті шартты соттау институтынан бас тартып, оның баламасы ретінде жаңа жаза түрін – сынақ мерзімін енгізген жөн [10, 7 б.]. Шартты соттау жаза тізімдерінің қатарына болғанда оны санкциясы бас бостандығынан айыру жазасының жоғары мерзімі сегіз жылдан аспайтын ҚК-нің Ерекше бөліміндегі баптарда орныққаны орынды. Бұл ережеге сай, шартты соттауды аса ауыр қылмыстарға қолданылмайды және шартты соттау (сынақ мерзімі) тағайындалатын қылмыстардың қатары нақтыланады. Сынақ мерзімі түріндегі жаза қарастырылған қылмыстарды жасағаны үшін тұлғаны кінәлі деп тану шартты соттауды қолданудың негізі саналады. Бірақ сотталған адамға бұл жазаны қолданған кезде жаза мақсатына

қолжеткізу мүмкіндігін растайтын нақты деректердің жиынтығы болуы маңызды [11, 93,94 бб.].

Ғылыми еңбектерде шартты соттауды *жазаның түрі ретінде қарауға* қарсы пікірлерді кездестіре аламыз (Ю.В. Бышевский мен А.И. Марцев). Олар: «Шартты түрде соттауды жазаның ерекше түрі ретінде қарайтын ғалымдардың дәлелдері жеткіліксіз, өйткені кінәліге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза түрі тағайындалып, оны шартты түрде өтеу туралы үкім қабылданады. Егер қарастырылған көзқарасты дұрыс деп тапсақ, онда сол бір қылмыс үшін кінәліге екі рет жаза қолданылады деген сөз [12, 68 б.]. Ал бұл қылмыстық құқықтық қағидатына қайшы келеді.

Ал С.М. Рахметов, Ф.Р. Ахмеджанов сынды отандық ғалымдар шартты соттау институтынан бас тартып, оны *бостандықты шектеу жазасы ұғымымен қосуды* ұсынады. Себебі, бостандықты шектеу жазасы – шетел тәжірибесіндегі пробацияның аналогы танылады [13, 35-36 бб.] Мұнда ғалымдар, шартты соттаудың пробациялық бақылау ережелеріне сай келетінін және оның бостандықты шектеу жазасын орындау тәртібімен бірдей болатындығын негізге алады. Және қылмыстық норманың санкцияларында бұл бостандықты шектеу жазасы бас бостандығынан айырудың балама түрі ретінде келтірілетінін атап кетеді.

Заң әдебиеттерінде шартты түрде соттау *жазаны өтеудің ерекше тәртібі*, шартты түрде үкімді орындамау бағытында да түсіндіріледі (Э.Желваков, Н.Ф. Саввин, М.А., Ефимов) [14, 19 б; 6 б.]. Мұнда мәселе, шартты түрде соттау кезінде жазаның қалай көрініс табатындығын анықтауда болып тұрған жоқ. Егер шартты түрде соттау кезінде үкім орындалмайтын болса, онда жазаны орындаудың қандай ерекше тәртібі туралы айтуға болады? [15, 35 б.].

Келесі бір пайымдауда, шартты түрде соттау *сот тағайындаған жазаны қолданбау* деп түсіндіріледі [16, 201 б.]. Бірақ та шартты түрде сотталған адамға жүктелген міндеттерді сақтамаған жағдайларда сот тағайындаған жазаның (бас бостандығынан айыруға сотталған кінәлі адам сынақ мерзімі кезінде жаңа қасақана қылмыс жасауы) қолданылатынын де ескерген жөн.

Ғалымдар тобы шартты түрде соттаудың құқықтық табиғатын *жазаны қолдануды кейінге қалдыру* ретінде де қарайды [17, 69 б.]. Бірақ та жазаны қолдануды кейінге қалдыру өзіндік ерекшеліктерге ие, ол сотталған адамның жекелеген санаттарына ғана қолданылуы мүмкін, мысалы, жүкті әйелге, асырауында жас баласы бар адамдар және т.б. (ҚР ҚК-нің 74-бабы), ал шартты түрде соттауда мұндай шектеу жоқ.

«Жазаны орындау», «жазаны қолдану», «жазаны өтеу» ұғымдары материалдық норманың материлизациялануы, іске асырылу үрдісімен байланысты. Ал «жазаны кейінге қалдыру» термині жазаның белгілі бір уақыт қолданылмай, бірақ кейін міндетті түрде жалғасын табатынын білдіреді. Егер сотталған адам бас бостандығынан айыруды шартты түрде өтейтін сынақ мерзімі кезеңінде жаңа қасақана қылмыс жасамаса, онда үкіммен белгіленген бас бостандығынан айыру жазасы орындалмайды. Сондықтан шартты түрде соттауды жазаны қолдануды кейінге қалдыру деп түсінуге келмейді.

Теорияда қандай да арнайы міндеттердің жүктелінуі, не жүктелінбеуіне қарай жазадан босатуды шартты және шартсыз деп бөледі (А.Э. Жалинский). Алғашқы топқа шартты түрде мерзімінен бұрын босату мен жазаны өтеуді кейінге қалдыру жатады. Екінші топтағы жазадан босату шартсыз және түпкілікті болып саналады [18]. С.В. Дьяконовтың [19, 8 б.], Н.Д. Дурмановтың [20, 9 б.], Ю.М. Ткачевскийдің [21, 20 б.], Н.С Малолеткинаның [22, 171 б.] еңбектерінен шартты түрде соттауды *жазадан (не өтеуден) босатудың бір түрі* ретінде қарастыратын пікірлерді көре аламыз.

В.А. Новиков та мұны қылмыстық жазадан босатудың түрі ретінде қарап, оны қылмысты алғаш рет жасағандарға, онша ауыр емес және орташа қылмыстарға ғана қолдану қажет, себебі бұл сотталған адамдар жасаған іс-әрекетіне шын өкіне алады және қылмыстық жауаптылыққа тарту олардың түзелуіне ықпал ете мүмкіндігі жоғары, деп есептейді [23, 68 б.]. Расында да соңғы

пікірімен толық келісе аламыз, себебі сотталған адамның шын өкіне алуы оның түзелу мүмкіндігінің алғашқы, маңызды белгісі болады.

Алайда, жазадан босату кезінде жаза қолданылмайды, ал шартты түрде сотталған кезде жаза тағайындалады, орындалмау мүмкіндігі болатынын ұмытпаған жөн. Яғни, мұнда шартты сотталған адамға сотпен белгілеген талаптар сақталмай құқық бұзушылық жасалған жағдайда алғашқы тағайындалған жаза орындалуға жатады.

Қылмыстық жауаптылықты іске асырудың бұл нысаны қоғам, мемлекет және сотталған адамның өзі үшін тек «жазаны өтеуден формальды босатылуы» ғана емес, заңды және өзгелердің құқықтары мен заңды мүдделерін, құқыққа сай жүріс-тұрысын құрметтеу рухында қылмыскердің түзелуі мен қайта тәрбиеленуінің шынайы құралы болады [24, 110 б.].

Сонымен қатар, ғылымда зерттеу пәнінің құқықтық табиғаты жайлы келесідей де бағыт бар. Кінәліге қылмыстық жазадан бөлек басқа да қылмыстық-құқықтық ықпал етететін жолдар белгілі. Бұл өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары сот тәжірибесінде жаза тағайындағанда, жауаптылықтан, жазадан босатқанда қолданылуға жатады. Шартты түрде соттау қылмыстық-құқықтық ықпал етуші екені анық, тек негізгі құқықтық ықпал ету шарасы емес.

Отандық қылмыстық, қылмыстық-атқару заңнамаларында «өзге де қылмыстық ықпал ету шаралары» ұғымына түсінік берілмейді, түрлері де белгіленбеген, түсініктемені тек ғылыми еңбектерден көреміз. Мысалы А.Т. Байсеитова, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары - бұл соттың кінәлінің тұлғасын және (немесе) жасалған қауіпті іс-әрекетінің мән-жайын және қылмыстық заңнаманың міндеттерін ескеріп, ҚК-пен қарастырылған баламалы жаза ретінде немесе жазамен бірге қолданылатын мемлекеттік ықпал ететін мәжбүрлеу шаралары, деген анықтама береді. Әрі қарай автор, қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын *жалпы* (шартты түрде соттау, жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру) және *арнайы* (жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің және жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ерлердің жазасын өтеуін кейінге қалдыру, төтенше жағдайлар салдарынан жазасын өтеуін кейінге қалдыру, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары, тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шаралары) деп топтастырады. Яғни, шартты түрде соттауды *өзге де жалпы қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасына* жатқызған [25, 8 б.]. Мұндай ұстанымды Өзбекстан Республикасы құқық қолдану тәжірибесінен (ҚАК-нің 174-бабы) кездестіре аламыз [26].

Шартты соттаудың моделіне келсек, 1997 ж. ҚР ҚК-не (63-баптың 3-б.) сай, сотталған адам жасына, денсаулығына байланысты немесе салыстырмалы түрде қауіпті емес қылмысы үшін ерекше бақылауды қажет етпегендіктен, оларға классикалық үлгідегі шартты соттау белгіленген еді, ал пробациялық модельдегі шартты соттау сотталған адамға міндеттер жүктейді. Мысалы, тұрақты мекен-жайын, жұмыс орнын, оқу орын арнайы бақылаушы мемелекеттік органға хабарламай ауыстыру; белгіленген орынға бармау; маскүнемдіктен, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан, соз ауруынан немесе АИТВ/ЖИТС-тен емделу курсынан өту; отбасына материалдық көмек көрсету. Сот қылмыскердің жеке басындағы ерекшеліктерді ескере отырып, сотталған адамға аталғандардан бөлек, өзге де міндеттерді жүктей алған [27].

2014 жылғы ҚК-те заң шығарушымен тек пробациялық модельдегі шартты соттау қарастырылады.

Шартты түрде соттау түріндегі қылмыстық-құқықтық шараны қолдану үшін заңнамаға сай, тұлғаның болашақта түзеліп кететіндігіне соттың сенімді болуы жеткілікті. Яғни, сот кінәлінің б.б. айыру жазасын нақты өтемей-ақ түзелуі мүмкін деген шешімге келуі үшін қажет дәлелді деректердің жиынтығы

шартты соттауды қолданудың негізін құрайды.

Қылмыстық заңнамада шартты соттауды қолдану үшін келесідей

шектеулер қойылады: «1) шартты соттау бас бостандықтан айыру жазасының орнына; 2) б.б.а. жазасының уақытына белгіленеді; 3) қылмыстардың қайталануына, қауіпті қайталануға, аса ауыр, сыбайлас жемқорлық, террористік, экстремистік, топпен атқарылған, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстарға қатысы жоқ (бұл 14-18-гі кәмелетке толмағандарды қоспағанда)» [9].

Сот шартты түрде соттауды тағайындағанда жасалынған қылмыстың сипаты мен дәрежесіне кінәлінің жеке басына, не қылмыстың сипатына байланысты жеңілдететін мән-жайларға сүйене алатындығы жайлы ҚК-тің 63-бабында жалпы нұсқама беріледі. Бұл нормада өзгедей шектеулер қарастырылмаған, тіпті шартты сотталған адамның қылмысты жасағанына өкінетіндігі талап етілмейді, не б.б.а. жазасының жоғары шегі де арнайы көрсетілмеген. Ал дамыған батыс мемлекеттерде шартты түрде соттауды қолдану немесе үкімінің орындалу мүмкіндігіне қатал шектеулер қарастырылған. Мысалы, кейбір елдерде б.б. айыру жазасының жоғарғы шегі екі жылдан жоғары (Испания, Австрия, Швейцария) болса, ал енді кейбірінде сегіз жылдан асса шартты түрде соттау қолданылмайды (Ресей ҚК).

Ғалымдардың, пенитенциарлық жүйе саласындағы мамандардың пікірінше, қылмыскерлерге жақсы ықпал етудің оңтайлы құралы бола тұра бас бостандығынан айыру жазасы құқық қорғау органдарынан тәуелсіз нақты жағымсыз салдарды тудырады. Осы орайда, б.б.а. мерзімдерін қысқарта отырып, қауіпсіздік мекемелеріндегі сотталғандардың санын 5-7 жыл ішінде екі-үш есе азайтуға болады, деп есептейтін пікірлерді құқық саласындағы еңбектерден кездестіре аламыз [28, 425-426 б.].

*Біздің ойымызша, шартты соттауды тек оң мінездемеге ие, онша ауыр емес, орташа қылмыс жасағандар үшін және бас бостандығынан айыру жазасының жоғары шегі 8 жылдан аспайтындарға ғана қолданған жөн*. Себебі, өзінің қылмыстық іс-әрекетіне өкінбейтін сотталған адамдар соттың мұндай үкімін жазасыз қалу деп қабылдап, қайта қылмыстық жолға түсуін жалғастырады.

Шартты сотталған адамға заңмен көзделген тәртіппен пробациялық бақылау сотпен белгіленіп (осы мерзім ішінде ол сотталған саналады), шартты соттаудың күшін жою қатерімен пробациялық бақылау ережелерін сақтауы тиіс болады. Сот тағайындайтын сынақ мерзімінің мөлшері пробациялық бақылау мерзімімен есептелінеді.

Осы мерзім ішінде қылмыстық нормамен белгіленген шарттардың орындалмауы, яғни шартты сотталғандардың түзелмегендігін растайтын фактілердің болуы шартты соттаудың күшін жоюға негіз болады:

*ҚК-тің 64-бабының 1-бөлігі бойынша*, сотпен белгіленген міндеттердің орындалуымен, яғни сынақ мерзімінде шартты түрде сотталған адамның түзелу мүмкіндігі дәлелденуімен мерзімнің кем дегенде жартысы өткен соң пробациялық бақылау органының ұсынуымен *шартты соттаудың күші жойылып* (бұл 15.08.2014 ж. ҚР ІІМ №511 бұйрығында айтылған), соттылық алынып тасталады;

*ҚК-тің 64-бабының 2-бөлігіне сәйкес*, шартты соттаудың күші сақталып, бақылау мерзімі ұзартылады, егер де:

- қоғамдық тәртіпке, имандылыққа қарсы, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке адамға қарсы, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаса,
- электрондық бақылау құралын зақымдағаны, не дәлелсіз себептермен келмеген, не ескертпей тұрғылықты жерін ауыстырса,
- қылмыстық теріс қылық жасаса [9].

Сот осы бақылау мерзімін созу мүмкіндігі қарастырылған ретте тұлғаны шартты соттай отырып, үкімде екі мерзімді көрсетеді: белгіленген жаза мерзімі; пробациялық бақылау мерзімі.

*ҚК-тің 64-бабының 3-бөлігіне сай*, сот белгілеген міндеттерді ересектердің сақтамауы, ҚК-тің 64-бабының 2-б. құқық бұзушылықтарды қайталауы себепті пробациялық бақылау органының

ұсынуымен *шартты соттаудың күші жойылып,* алғашқы қылмысы үшін белгіленген жаза орындалуға жатады (қаулы шығарады), ал кәмелетке толмағандарға аталған жағдайда пробациялық бақылау 1 жылдан көп емес мерзімге ұзартылады.

*ҚК-тің 64-бабының 4-бөлігі бойынша,* пробациялық бақылау уақытында ересектер - абайсызда қылмыс не онша ауыр емес қасақана қылмыс жасаса, ал 18-ге толмағандар онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаса, сот жаңа қылмыс үшін жаза тағайындау барысында *шартты түрде соттаудың күшін жояды,* не оны *күшінде қалдырады* [9].

Бірінші жағдайда, сот алғашқы қылмысы үшін шартты соттаудың күшін жояды да, тек жаңа қылмысы үшін жаза тағайындайды. Бір қарағанда, *шартты сотталған адамның алғашқы қылмыстық іс-әрекеті үшін құқықтық нәтиже* болмайтын сынды көрінеді.

Екінші жағдайда керісінше, яғни шартты соттау күшінде қалдырылған жағдайда сотталған адамға пробациялық бақылау кезеңінде жаңа қылмыс жасағаннан соң сотпен шартты соттау сақталына отырып, жаңа қылмысы үшін жазасы белгіленеді (ҚК-тің 64-бабының 4-б.-гі).

*Келесі мәселе.* Шартты түрде соттаудың күші қай кезде жойылып, қай кезде күшінде қалатынына, шартты түрде сотталған адам қайталап қылмыс жасаған ретте сотпен оның алғашқы қылмысы үшін белгіленген шартты түрде соттаудың күшін жоюға ненің себепші болатынына келсек. Егер жаңа қылмыс үшін б.б.а. жазасы тағайындалатын болса, онда алғашқы қылмысы үшін белгіленген шартты түрде соттаудың күші жойылады да, алғашқы және соңғы қылмыстары үшін үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындалады.

Ал, егер жаңа қылмысы үшін қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазалар белгіленетін болса, онда шартты түрде соттау күшінде қалдырылатыны анық.

Сот кінәлі алғаш қылмыс жасағаны үшін шартты түрде соттауды белгілегенде ҚК-тің 63-бабындағы (осы баптың 3-б.-нің 2-абз. қоспағанда) жалпы ережелерге, ал пробациялық бақылау кезіндегі талаптарды сақтамағаны үшін шартты соттауды күшінде қалдыру, пробациялық бақылау мерзімін ұзартқан жағдайда ҚК-тің 64-бабының 2,3,4-б. арнайы ережелерге сүйенеді.

*ҚК-тің 64-бабының 5-бөлігіне сәйкес,* ересек шартты сотталған адам - ауырлығы орташа қасақана, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаса, ал 18-ге толмағандар - ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаса [9], алғашқы үкім бойынша шартты соттаудың күші жойылып, үкімдердің жиынтығы бойынша жазалар толық немесе ішінара қосылуы мүмкін. Шартты түрде соттау қолданғанға дейін тұлғаның қылмысқа қатыстылығы анықталып, шартты соттаудың күшін жоюға негіз болмаса немесе бірнеше үкімдерді қосу қажет болмаса, онда әрбір үкімдегі жаза бөлек орындалуға жатады [29].

Шетел тәжірибесіне қарасақ, сотталған адамға шартты соттаудың күші пробациялық бақылау уақытында тіпті мардымсыз құқық бұзушылықтарды жасағанның өзінде жойылады. Ал отандық заң шығарушы мұндай жағдайларда жеңілдік танытады. Жоғарыда айтылып кеткендей, ҚР ҚК-нің 64-бабының 4-бөлігіне сай, заң шығарушы сотталған адамның пробациялық бақылау уақытында жаңа қылмысы үшін жаза тағайындау барысында шартты түрде соттаудың күшін жою, не оны күшінде қалдыру түріндегі балама мүмкіндіктерді қарастырады.

Біздің пайымдауымызша, шартты сотталғандарға пробациялық бақылау уақытында сотпен белгіленген жоғарыда айтылғандай міндеттерді жүктеп қою жеткіліксіз. Себебі қылмыстық жолға қайтадан түсу шартты сотталғандардың түзелмегендігін білдіреді. Мұнда, қылмыстық құқықтық ықпал етудің өзге жолы ретінде шартты түрде сотталатын адамға түзелтуге ықпалы бар амалдарды қолданған орынды. Мысалы шетел тәжірибесіне жүгінсек, АҚШ-да жай пробацияны нәтижесіз деп тауып, 1982 жылдан бастап шартты сотталғандарға интенсивті бақылау енгізілетін болған. Сот пайдалы еңбекке тарту, есірткіге жүйелі түрде тестілеу, тұрақты негізде жұмыс жасау міндеттерін сотталған адамға жүктесе, билік тарапынан бақылау жүргізіліп отырады. Тіпті, бұл шаралардың

кейбіреуін отандық заңнамаға енгізген дұрыс (тегін қоғамға пайдалы еңбек жасауды). Егер сотталған адам қылмыстық іс-әрекетімен жәбірленушіге материалдық зиян келтіріп, шығынын өтемеген болса, онда кінәлінің жәбірленушіге келтірген зиянының орнын қалпына келтіруіне таптырмас мүмкіндік болар еді. Бұл бір жағынан сотталған адамның түзелуіне, екінші жағынан жәбірленушінің бұзылған құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етеді.

Шартты сотталған адамдардың сотталғандығы пробациялық бақылау мерзімінің аяқталуымен жойылады (ҚК-тің 79-бабының 3-б. 1)-т.), егер олар сотталғандық мерзімі аяқталғанға дейін қайтадан қылмыс жасаса, онда сотталғандықты жою мерзімінің өтуі үзіледі [9].

**Нәтижелер**

1. Шартты соттау көптеген елдердің қылмыстың заңдарымен қарастырылған және әртүрлі келтіріледі. Мысалы, Швеция ҚК-де – шартты үкім, пробация, ГФР ҚК-де жазаны шартты түрде кейінге қалдыру, АҚШ ҚК-де – пробация, Польша ҚК-де – қылмыстық ізге түсуді шартты түрде тоқтату және т.б.

Ғалымдардың да шартты соттау институтының құқықтық табиғатына қатысты пікірлері әртүрлі, бірыңғай түсінік жоқ. Олар шартты соттауды:

- жазаның ерекше түрі;
- жазаны орындауды кейінге қалдыру;
- сотталған адамды тәрбиелеудің ерекше құралы;
- жазаны орындаудан (өтеуден) шартты түрде босату;
- жазадан босатудың түрі;
- өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы деп таниды.

Мұның өзі шартты соттау институтының толық қалыптасып болмағандығының дәлелі.

2. Шартты түрде соттау тәртібінің ерекшеліктерін ескере отырып, оларды келесідей топтарға бөлеміз:

- сотталған адамның жасына қарай (кәмелетке толмағандар және ересектер үшін) шартты соттау;
- реттілігіне (алғашқы қылмысы үшін және пробациялық бақылау кезінде жаңа қылмыс жасағаны үшін) байланысты шартты түрде соттау. ҚК-тің 63-бабының 3-б.-де шартты түрде сотталғандарды пробациялық бақылау уақытында онша ауыр емес немесе <u>ауырлығы орташа қылмысты</u> қайталағанда кәмелетке толмағандар үшін шартты соттау қолданылуына жол береді [9], ал ересектер үшін шартты соттау қайта тағайындалмайды. Сонда кәмелетке толмағандарды шартты түрде соттау екі кезеңнен тұрады: алғашқы қылмысы үшін, екінші жағдайда - пробациялық бақылау талаптары сақталынбаған ретте.

3. Заң шығарушы ҚР ҚК-нің 64-бабының 4-бөлігінде, шартты түрде сотталған ересектер пробациялық бақылау уақытында абайсызда қылмыс не онша ауыр емес қасақана қылмыс жасаса, сотқа шартты түрде соттаудың күшін жою немесе күшінде қалдыру мәселесін шешуді жүктей отырып, оның шарттарын нақтыламаған. Құқық қолдану тәжірибесінде түсініспеушілік тудырмау мақсатында аталған норма нақтылануды қажет етеді.

**Қорытынды**

